

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ПОДСЕКЦИЯ 9.4. НАУКА, ПСИХОЛОГИЯ, МОЛОДЕЖЬ В ПОСТКОВИДНУЮ ЭПОХУ: ТРЕНДЫ, ТРЕБОВАНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

ОӘЖ 159.9

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдуллаев Мадияр Бахтиярұлы

abdullayev.madiyar00@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология білім беру бағдарламасы, 4 курс студенті
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – п.с.ғ.к. Б.Ш. Байжуманова

Адамзат алдында тұратын ұлы мақсат - саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ ұрпақ ол келешек қоғам иесі. Ел тізгінін ұстар ұрпақты ақыл - парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу - ұстаздардың, қоғамның алдындағы борышы. Әрбір мемлекеттің болашағы болатын ұрпақты тәрбиелеу, мектепте шындалады. Келешекте осы елдің тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі өсіп келе жатқан ұрпақ мектеп оқушылары болғандықтан, оқушылардың білім сапасы, даму бағыттары, бүкіл қоғамның және мемлекеттің назарында болып «Білім туралы заң» қабылданды.

Білім туралы заңда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі-педагог қызметкерлер, оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз ету қаралған.

Оқушылардың танымдық әрекеттерін арттыру қазіргі заман педагогикалық теориясы мен практикасының даму кезеңінде актуалды проблемалардың бірі болып отыр. Оқу-мектеп жасындағы балалардың негізгі таным әрекеті. Баланың жалпы психикалық дамуы мектептегі оқу мен оның өздігінен дамуына байланысты.

Баланы оқу танымдық әрекеті-күрделі, жан-жақты үрдіс, ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Баланың ақыл-ой танымдық әрекетін белгілі бір жүйемен жасауға, оның жалпы балсенділігін арттырып отыруға көңіл аудару, баланы өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауға, сонымен бірге әрбір оқу тапсырмасын не үшін, қандай мақсатпен жасау керектігін, ол қандай жаңа нәтиже (жаңа білім, дағды) беретінін білсе, онда оқушының танымдық әрекетінің саналылығы артады. Оқу танымдық іс-әрекет жұмысының мақсат міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, өзін-өзі басқаруға дағдыландырудың және оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, таным қабілеттінің оянуына түрткі болудың маңызы зор. Бастауыш сынып оқушыларды танымдық белсенділігі кезеңінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау мен зейіннің тұрақты түрін қажет етеді. Оқу процесінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру -олардың өз бетінше танымдық . ынта-ықыласын, қызметін дамытатындай етіп ұйымдастырылады.

Танымдық қызығу - баланың саналы іс-әрекеті. Қызығу (латынша interest - мәні бар, маңызды) адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі. Қызығуды жеке тұлғаның өз әрекетіне бағалық қатынасы деп анықтауға болады. Оқуға, білуге деген қызығу танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі . Л.Выготский бұл жөнінде былай деген: « ең алдымен, баланы бір әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса, осыны іске асыру үшін барлық күшін салатынын және бала өзі қимылдайтынын, ал мұғалім болса сол әрекетті басқарып, бағыттап отыру керек. Оқушылардың танымдық қызығуы олардың білім сапасы мен даму деңгейіне байланысты ойлау әрекетінің әдістерінің қалыптасуына тәуелді».

Танымдық қызығу оқу - тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбие, оқытудың ең көкейкесті мәселелерінің біріне танымдық қызығуды жатқызамыз. Оның негізі оқу үрдісін белсендіру жолдары мен оқушылардың қызығуын дамытуды көздейді. Сабактың қай түрі болсын қызығушылық уәждемеге бағытталады. Білім беруді ізгілендіру оқушының танымдық ой-өрісін кеңейтуді негізгі орынға қояды.

Қызығу - танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып-үйрену барысында танымдық қызығушылығы қалыптасып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенімі артады, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Танымдық қызығу оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады [18].

Мазмұны, кеңдігі мен тұрақтылығы бойынша бастауыш оқушыларының әрекеті дамудың бірінші деңгейінде қалады. Дамудың бірінші деңгейінде танымдық қызығушылық оқу әрекетінің шынайы нәтижелі мотивтерінің рөлінде бола алмайтындығы әбден түсінікті. 3-4 сыныптарда оқу процесіндегі танымдық іс-әрекеттің дамуының неғұрлым жоғары деңгейіне ауысу үшін қажетті алғы шарттар қалыптасады. Осы кезеңнің өзі жасөспірімдік шақта жүзеге асады, ол осы жас кезіндегі психикалық дамудың маңызды ерекшеліктерінің бірін құрайды.

Оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық іс-әрекетін дұрыс қалыптастыру үшін не істеуіміз қажет деген сұраққа С. Жақыпов өз еңбегінде "Сабакқа әр түрлі бейнелі көрнекіліктерді, әдіс-құралдарды пайдалану керек. Осы аталғандар оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық іс-әрекетін жандандырып, өз бетімен жұмыс жасауға және оны меңгертуге төзімділігін арттырудың бірден-бір негізгі тәсілі болып табылады." - деп жауап береді.

Оқушыларда оқуға деген берік және шынайы ынтаны және танымдық қызығушылықты қалыптастыру үшін :

1. Балаларда бар белсенді әрекетке, эмоционалды қуануға, ұжымдағы өз орнын нығайта түсуге деген және т.б. қажеттіліктерге негізделі отырып, қажетті мотивациясын тудыру;

2. Бұл іс-әрекет оларға ең жағымды эмоционалды күйзелістерді беретіндей, олардың мүдделерін қанағаттандырып дамытатындай, өз мүмкіндіктеріне деген сенімді, өз табыстары үшін қуаныш пен мақтаныш сезімін беретіндей жағдай жасау;

3. Мектепте, сыныпта, отбасында білімдер мен икемдіктерді терең құрметтеу мен қошемет көрсету, оларды игеруді қарапайым, аз мәнге ие іс ретінде емес, аса маңызды, қоғам үшін маңызға ие, жоғары бағаланатын іс, әрбір оқушының ар-намысының ісі ретінде қарастыру.

Танымдық белсенділік жеке адамның орнықты қажеттілігіне, мінезіне айналу үшін оның бойында өз күші және білім игеру қабілетімен қатар дербес танымдық іс-әрекетке оң көзқарас қалыптастыру керек.

Танымдық белсенділік немесе ізденімпаздық, оқушының берілген тапсырманы басқаның көмегінсіз орындауымен ғана шектелмейді. Ол алдына саналы түрде мақсаттар қойып, соған сәйкес өзінің іс-әрекетін бағыттап отыру мүмкіндігіне ие болу керек. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесінің сан қырлылығын ескеріп және оқу іс-әрекет теориясының негізгі қағидаларына сүйене отырып біз оған мынадай анықтама береміз.

Танымдық белсенділік деп мотивациялық - тұлғалық, мазмұндық амалдық және процессуалды - жігерлік бөліктерінен тұратын тұлғаның интегралдық құрылымын, сипаттамасын айтамыз.

- Мотивациялық-тұлғалық (өзін-өзі тану, өзіне-өзі сену, дамыту, өзінің танымдық қабілетін дамытуға және қызығуын қанағаттандыруға ұмтылу)

- Мазмұндық-амалдық (тіректік білім, жалпы дидактикалық және арнайы дидактикалық дағдылар, білімін жетілдіру дағдысы)

- Процессуалды-жігерлік (танымдық іс-әрекет үрдісінде кездесетін қиындықтарды жеңуге дайындық, өз бетінше жұмыс істей алу дәрежесі, танымдық белсенділікке

ұмтылыс). Көптеген авторлардың еңбектеріне жасалған талдаулар танымдық белсенділіктер қалыптастырудың құрамы мен оның мазмұнын анықтауда ғалымдар әртүрлі ой пікірлер ұстайтынын көрсетті [3-11].

Мотивациялық - тұлғалық бөлік оқушылардың оқу үрдісінде ынталылығын қамтамасыз ететін қажеттіліктен, қызығудан, ізденімпаздықтан құралады.

Мазмұндық - амалдық бөлік негізгі білім жүйесі мен жаңа білімді өз бетінше жетілдіру мүмкіндігін ашатын басты білімдер жүйесінен және оқу-танымдық іс-әрекеттер тәсілдерінен құралады.

Процессуалды - жігерлік бөліктің негізін оқушыларда таным кезіндегі кездесетін қиыншылықтарды жеңу үшін жұмсалатын еркі-жігердің болуы және оны өзінің дербес іс-әрекеттерінде жүзеге асыру дайындығын құрайды.

Кесте-1. Оқушының танымдық белсенділігінің құрылымдық компоненттері

Оқушының танымдық белсенділігінің компоненттері		
Мотивациялық-	Мазмұндық-	Процессуалды-жігерлік
<ul style="list-style-type: none"> • өзін-өзі тану • өзіне-өзі сену • дамыту • өзінің танымдық қабілетін дамытуға және қызығуын ұмтылу 	<ul style="list-style-type: none"> • тіректік білім • жалпы дағдылар • арнайы дидактикалық • білімін дағдысы 	<ul style="list-style-type: none"> • қиындықтарды жеңуге дайындық • өз бетінше жұмыс алу дәрежесі • танымдық ұмтылыс

Сонымен қатар оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда төмендегідей дидактикалық шарттар орындалуы тиіс деп есептейміз:

- оқытудың алдыңғы қатарлы әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы қалыптасатын теориялық білімнің болуы;

- жаңа технологияларды қолдану арқылы жүргізілетін оқу және оқудан тыс өзіндік жұмыстарының арнайы жүйесін жасауға оқушылардың белсенді араласуы; компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушылардың оқу және оқудан тыс жұмыстарының жасалғаны үнемі қадағалануды, білім сапасының анықталуы.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектеп оқушыларының танымдық белсенділігі оның мотивациялық-тұлғалық ерекшеліктері, мазмұндық-амалдық тәсілдері және процессуалды-жігерлік қасиеттері негізінде қамтамасыз етіледі. Осы орайда, оқу әрекеттері барысында мотивациялық белсенділігін тудыра отырып, баланың сыртқы дүниені танып-білуін басшылыққа алуға болады. Негізгі іс-әрекеті оқу іс-әрекеті барысында балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін ойын элементтерін қолдану маңызды болып табылады. Оған қоса оқу әрекеті тұрғысында жалпы ғылымдар бастауы сыртқы дүниені танып-білуге бағытталады. Сонда бастауыш мектеп жасындағы бала оқу процесінде ойын жағдаяттары негізінде іске белсенді қатынаса отырып, танымдылық белсенділігі артады, ерік-жігері байқалады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абықанова Б, Ілиясов Ы. Танымдық белсенділік және дербес іс-әрекет // Қазақстан мектебі 2004- №4- 58-61 б.
2. Қайыпова Ш. Танымдық белсенділік тәсілдері// Қазақстан мектебі 2005- №2 32-33 б.
3. Ж.Қараев, Б.Абықанова, Н.Ілиясов. Танымдық белсенділік деңгейлері// Қазақстан мектебі 2004 - №3 67-69 б.